

ӘОЖ 398.21

**«ЕР ТӨСТІК» ЕРТЕГІСІНІҢ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ НҰСҚАЛАРЫНЫҢ  
ЗЕРТТЕЛУІ**

**Бахай Арайлым Нұрланқызы**

[arailym.bakhay@mail.ru](mailto:arailym.bakhay@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық Қатынастар факультеті Түркітану  
кафедрасы «6М020500 – Филология: түркі тілдері» мамандығының

2-ші курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш. Ибраев

XX ғасырдың басына дейін қырғыз халқының өмірінде фольклор - ұлттық сананы білдіретін, эстетикалық тәжірибесі мен әлеуметтік көзқарастарды бойына жинақтаған негізгі құрал болып болып келді. Оның ішінде батырлық эпос үлкен дамуға ұшырады. «Манас» жырымен қатар қырғыз халқында әлі де толық зерттелмеген бірталай маңызды эпикалық шығармалар баршылық. Солардың қатарындағы күрделі әрі бай әдеби құрылымға ие шығармалардың бірі – «Ер Төстік» эпосы.

Қырғыз халқының өмірінде эпикалық поэзия маңызды орын алды, соған орай ауыз әдебиетінің көптеген жанрлары эпикалық дәстүрдің ықпалына ұшырады. Тіпті XIX ғасырдың ортасына дейін батырлық эпостар өмір сүріп, тарихи оқиғалар мен тұлғаларға арналған өлеңдер дүниеге келді. Осы себептерге байланысты «кіші эпостар» деп аталатын категорияның жанрлық табиғаты күрделі болып келеді. «Кіші эпос» деп ауқымды «Манас» эпикалық трилогиясының құрамына кірмейтін эпикалық өлеңдерді атайды. Алайда «кіші эпос» тек қана шартты түрде ғана осындай атауға ие болып отыр, із жүзінде мұндай өлеңдердің көлемі әлдейқайда ауқымды.

Қырғыз фольклористикасында «кіші эпостар» келесі жанрлық топтарға бөлінеді:

1. Ертегілік-мифологиялық мазмұнға ие эпостар – бұл жерде кейіпкер көбінесе басқа әлемдегі тылсым күштерге қарсы күрес жүргізеді («Эр Төштүк», «Жоодарбешим» және т.б.)
2. Батырлық эпостар – батыр қырғыз халқының және де басқа рулардың тәуелсіз өмір сүруіне қауіп төндіретін жаулардан қорғайды («Құрманбек», «Жаныш-Байыш», «Ер Табылды», «Шырдақбек», «Жаныл Мырза» т.б.)
3. Тұрмыстық-әлеуметтік эпостар – халықтың ғасырлар бойы аңсап жүрген қоғамдағы әлеуметтік теңдігіне ұмтылады («Кедейқан», «Мендирман» т.б.)
4. Лиро-эпостық мазмұны бар эпостар («Олжобай», «Кишимжан», «Құлмырза және Ақсатқын» т.б.). [1.22]

«Ер Төстік» алғашқы қауымдық құрылыс заманында дүниеге келген ең көне эпикалық өлең болып табылады. Мұндай эпикалық өлеңдер өз бойында қырғыз халқының өмірі мен болмыс-тіршілігі жайлы мифологиялық архаикалық түсініктерді сақтаған.

«Эр Төштүк» эпосы көне қырғыз халқының мифологиялық әлем бейнесін жинақтаған таптық дәуірдің классикалық туындысы болап табылады. Эпос батыры жер асты әлеміне саяхатқа аттанып, құбыжықтар және алып-дәулермен соғысады, ұрланған адамдарды тұтқыннан босатып, туған жеріне қайтып оралтады. Мұндай эпикалық өлеңнің сюжеті көптеген Оңтүстік Сібір және Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтарда кең танылған. Ал қазақ, башқұр, татар және өзбек халықтарында аталмыш эпостың ертегілік нұсқалары бар. [1.61]

Эпостың бірінші нұсқасын 1862-69 жылдары орыстың белгілі түркітанушы ғалымы В.В.Радлов Қырғызстанға экспедициямен аттанған сәтінде, Шамшы мекеніндегі аты белгісіз жыршыдан қағаз бетіне көшіріп алған. «Манас» эпосының үзіндісі, «Жолой-хан» жыры мен «Эр Төштүк» эпикалық өлеңінің мәтіні 1885 жылы «Образцы народной литературы северных тюркских племен» атты 5-томдықтың құрамына енді. Ал қырғыз халқының эпикалық мұрасын зерттеу әрі сақтау жолындағы елеулі оқиғалардың бірі деп 1938 жылы Ы.Абдырахмановтың Саякбай Каралаевтан жазып алған нұсқасын айтуға болады.

«Эр Төштүк» эпосы бірқатар әдебиеттанушы, фольклортанушы ғалымдардың еңбектерінде зерттеу нысанасына айналған. Солардың ішінде П.А.Фалев, В.М.Жирмунский, Х.Г.Короглы, С.Закиров, Ж.Суванбеков, С.Кайыпов және К.Садыковты атап өтуге болады. Көпшілік зерттеушілердің пікірінше, аталмыш эпос мифтен бастап батырлық-эпикалық жырға дейін бүткіл тарихи эволюцияның сатыларынан өтті.

Ертегілер мен эпостың қалыптасуын зерттеу барысында Р.Бердібаевтың айтуы бойынша зерттеулердің толлыққанды сипатқа ие болмауы - фольклортанудың баяу даму себептерінің бірі болып табылады. Көп жылдар нәтижесінде фольклор – сөз өнері деп қарастырылған. Алайда, фольклордың тарихпен, ескі салт-дәстүр, этнография және наным-сенімдермен де аса байланысты. Автор ары қарай фольклорлық мұраның коллективтік сипатқа ие болғандығы жайлы айтып, оның көп нұсқалы түрде таралатындығын атап өтеді. Р.Бердібаев: Фольклор туындылары көп вариантты болып келеді. Олардың таралуы мен сақталу заңдылықтары да қилы-қилы. Әр заманның дүниетанымдық сүзгісінен өткен шығармаға тосын сипаттар қосылып отыруынан фольклордың көпқабаттылығы (полистадиялығы) келіп шығады. Адамдардың жадында ғана сақталып, ұрпақтан ұрпаққа тарап отыратындығы фольклордың дәстүрлілік келбетін белгілейді. Фольклор жаратындыларын толық мәнінде

тану үшін зерттеудің салыстырмалы - тарихи, жүйелілік (системный), тұтастық әдістерін қолдану керек болады. (Р. Бердібаев. Итом. А., 2005. 460-461 б.)

Ә.Марғұлан өз зерттеулерінде фольклордың этнографиямен тығыз байланысты екендігін және этностың тарихын зерттеуде бір-бірін толықтырып тұратындығын дәлелдеді. Бұған ғалымның 1946 жылы қорғаған «Қазақ халқының эпикалық әңгімелері туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер» атты докторлық диссертациясы және 1985 жылы жарық көрген «Ежелгі жыр-аңыздар» атты монографиялық еңбегі дәлел. Әлкей Марғұлан аталмыш еңбектерінде алғаш рет жыр-аңыздарды тарихи дерек ретінде қолдана келе, кешенді тұрғыдан зерттеу жүргізген. [3.45]

Ә.Х.Марғұланның пікірінше: «Құла мерген», «Қара мерген» әңгімелері «Ер Төстік» ертегісінен сәл басқарақ. Бұл әңгімелерде қоғамның өзгерісі мен салт-сананың өзгергендігі байқалады, - деп түсіндіреді ғалым. Сондай-ақ ғалым ел аузында айтылатын эпос жырларының жыр түрі бірте-бірте ұмытылып, қара сөзбен айтылатын ертегіге айналған деп пайымдаған. «Ер Төстік» сияқты бүгінде ертегіге айналған эпикалық әңгімелер бір кезде эпос жыры болғанына Ә.Марғұлан шүбә келтірмейді. Ол феодалдық дәуірде жаңа мазмұн алып, алғашқы қауымдық құрылыс дәуірі кезінде сюжеті біраз өзгерген. [3.196]

Жырды жинақтау жұмыстарымен қатар, оны ғылыми тұрғыдан зерттей отырып, қырғыз эпосы мен қазақ халқы және батыс-сібір татарларының Ер Төстік жырына қатысты мәселелер қарастырыла бастады. Яғни, жыр генетикалық негіздері мен идеялық мазмұны, аталмыш ескерткіштердегі кейіпкерлер жүйесі мен басқа халықтардың эпосымен өзара байланысы сынға алынды. Себебі фольклор – ежелгі дүниетаным мен көне мәдениетті бойына жинақтаған бай мұра. Көп заманның, бірнеше дәуірдің, әртүрлі қоғамның жемісіне айналған фольклор - көпқатпарлы, көпсатылы және көпмағыналы, көпқырлы болып келеді. Көне уақыттан бері пайда болған ырым-ғұрып, діни ұғымдар және мифтер де фольклорлық мұраны құрайды, өйткені, олар сол тұстағы адамдардың ауызша шығарып айтқан әңгімелері және іс жүзінде атқарған ырым-кәделері. Бұл тұрғыдан қарастыратын болсақ, сол дәуір қоғамының мәдениеті болды, себебі ерте замандағы адамдардың ырым-кәделері мен айтылған әңгіме-мифтер сол қауым үшін мәдени рөл де атқарып келді. Үшіншіден, әртүрлі ырым-ғұрып, наным-сенім және миф алғашқы қауым адамының дүниені танып-білуіне септігін тигізеді. Олар, түптеп келгенде, сол бір ежелгі дәуір адамдарының дүниетанымы болып табылады. [4.58]

Сондай-ақ аталмыш жырды мифологиялық тұрғыдан зерттей келе, П.А.Фалев «Ер Төстік» жырының негізінде шамандық ертегінің жатқандығы жайлы болжамын ұсынды. Ал В.М.Жирмунский болса: «Мұндай ертегілік сюжеттің негізінде кейіпкердің өлілер әлемі мен жерасты әлеміне түсуі сияқты көне мифологиялық таным жатыр. Осыған ұқсайтын сюжеттер алтайлық қаһармандық ертегілері және түркі халықтарының көне шамандық сенімдерімен байланысты». «Ер Төстік» ертегісінің генезис мәселесі қырғыз зерттеушілері тарапынан да қызығушылық танытты. Ж.Таштемиров «Эр Тештук» екінші басылымының «Кіріспе» бөлімінде, кейбір эпикалық мотивтер мен образдарды талдай келе, эпос көнеден бері келе жатқан қырғыз ертегілері негізінде қалыптасуы мүмкін деген пікір ұсынды. Аталмыш мақалада ең алғаш қырғыз фольклортану тарихында эпосқа толыққанды идеялық-әдеби сипаттама берілген. [2.86]

Қырғыз эпосын қазақ және татар ертегілерімен салыстырмалы - тарихи аспектіде зерттей келе, ең маңыздысы поэтикалық тұрғыдан жүргізілген салыстырмалы анализ болып табылады. Себебі, көнеден бері келе жатқан эпикалық дәстүрдің өзгерісі мен дамуы, яғни фольклорлық материалдың қызметі поэтикада өз бейнесін табады. Бұл мәселенің өзекті болуының бірден бір себебі қазіргі зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде бұл мәселе тек басқа тақырыптардың жетегінде, қысқаша шолу ретінде қарастырылған. Сондай-ақ зерттеу барысында, нақты материал негізінде поэтиканың жанрлық және ұлттық ерекшеліктерін анықтау көзделген.

«Ер Төстік» жырындағы маңызды стильдік амалдардың біріне салыстыруды жатқызуға болады. Оның әдеби қызметі сан түрлі болып келеді. Салыстыру - эпикалық

образдардың қалыптасуында, кей кезде эпос композициясында маңызды рөл атқарады, ал оның жеке құрылымдық типтері эпикалық тексті құрастыру үшін де қажет болады. Құрылымдық сұрақтар мен салыстырудың бейнелілік проблемаларын қарастыру эпостың көркемдік құндылығын ұғынуға септігін тигізеді. Эпикалық салыстыруларды зерттей келе, батырлық стильдің өзгешеліктерін, тарихи даму жолдарын анықтауға болады.

Қорытындылайтын болсақ, ғасырлар бойы жинақталып келген әр түрлі халықтар мен түрлі сатылардан өткен «Ер Төстік» жайлы фольклорлық материалдар әлдеқайда терең тарихи-салыстырмалы зерттеуді қажет етеді. Мұндай зерттеу жалпытеориялық сипаты бар, әрі ескерткіштің өзіндік ерекшеліктеріне қатысты белгілі бір қорытындыға келуге септігін тигізер еді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қайыпов С. Т. Проблемы поэтики эпоса «Эр Тештук» – Фрунзе: Илим, 1990. – 320 б.
2. Мелетинский Е. М. Происхождение героического эпоса. – Москва: «Восточная литература» РАН, 2004. – 460 б.
3. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. - 368 б.
4. Марғұлан Ә.Х. Қазақ халқының эпикалық әңгімелері туралы тарихи-әдебиеттік зерттеу.: Ф.ғ.д. дисс. – Алма-Ата–Москва, 1946.